

Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
«Жігерген» бөбекжай балабақшасы

КІШКЕНТАЙ ХАНШАЙЫМ

Тәрбиешілер: Ақбергенова Ф

Рустемова А.

«Жұлдыздар» ересек тобы

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әсемдік, әдемілік, іс - қимыл, жүріс - тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіре отырып, олардың өнерлерін, ұшқыр ойларын, іс - әрекетке деген икемділігін анықтап бағалау, одан әрі дамыту.

Жүргізуші:

Бүгін міне бақшамызда өткелі отырған «Кішкентай ханшайым – 2024» байқауына қош келдіңіздер!.

Атамыз қазақ ерте заманнан – ақ ұрпақ өсіріп, оны тәрбиелеу ісіне ерекше назар аударған. Әсіресе қыз балаға аса көңіл бөлген оны ақылды да ибалы, сұлу да әдепті, мейірімді де қайырымды етіп, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеген.

Жүргізуші:

«Кішкентай ханшайым - 2024" атты байқауын ашуға бақшамыздың әдіскері Пернебаева Гулнур апайға сөз берейік.

Жүргізуші:

Олай болса бүгінгі «Кішкентай ханшайым - 2024» қыздар байқауын ашық деп жариялаймыз!

Жүргізуші:

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Жанары жаны жаздай жайрандаған.

«Қыз өссе елдің көркі» деген сөзді,

Қапысыз қалай айтқан қайран бабам.

(Қыздарды таныстырып, ортаға шақыру)

Жүргізуші:

Шалқытып мерекеде ән салайық,

Өнерпаз өрендерге тамсанайық.

Әділдік пен шындықты арқа тұтқан

Әділқазы алқасымен танысайық.

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,

Жанары жаны жаздай жайрандаған.

«Қыз өссе елдің көркі» деген сөзді,

Қапысыз қалай айтқан қайран бабам.

(Қыздарды таныстырып, ортаға шақыру)

Жүргізуші:

Шалқытып мерекеде ән салайық,

Жүргізуші: Сайысымыздың шарты бойынша қыздар өз нөмерлерін алып, дайындала берсін.

Жүргізуші:

Пір тұтқан махаббатты, адалдықты,
Көркімен таң қалдырған талай жұртты.
Қыздардың қылығымен өмір қызық,
Қыздардың ғұмырымен заман тәтті.
Сайысымыздың кезеңдерімен таныс болыңыздар.

1. Бөлім «Сәлемдесу» байқауымыздың бұл бөлімінде аруларымыз өзін - өзі таныстырады. Бұнда аруларымыздың тіл көркемдігі және сырт сымбаты сынға түседі.
2. «Өз өнері» бұл бөлімде аруларымыз өз өнерлерін көрсетуде аналарына арнап ән айту, арнап, би билеу аналарымызға арнап өлең оқу, әлде анарына арнап сыйлық жасау.
3. «Сәнді киім» бұл бөлімде аруларымыз өз қолдарымен қазақ ұлттық тағамы бешбармаққа нан жаю.
4. «Сұрақ + жауап» бұл бөлімде аруларымыз билет алу арқылы сұрақтарға жауап береді.

Жүргізуші:

Бойжеткен арулар келіп жетті танытуға,
Бойындағы бар дарынды дарытуға.
Қорықтастан сахнаға келіп жетті,
Өдеппен, ізетпенен танысуға.

- 1 Бөлім «Сәлемдесу» байқауымыздың бұл бөлімінде аруларымыз өзін - өзі таныстырады. Бұнда аруларымыздың тіл көркемдігі және сырт сымбаты сынға түседі.

Жүргізуші:

Кедеймін деп қысылма,
Өнерің болса қолыңда
Өнерлінің ырысы
Жарқырап жатыр жолыңда.
Сайыста ән салайық, би билейік,
Өнермен өрге басып кідірмейік.

2. Келесі бөлім: «Өз өнері» бұл бөлімде аруларымыз өз өнерлерін көрсетуде аналарына арнап ән айту, арнап, би билеу аналарымызға арнап өлең оқу, әлде анарына арнап

Жүргізуші:

Он саусағы майысқан,
Шебер болар ұрпақпыз.
Тұла бойы тұнған бір,
Өнер қуған ұрпақпыз.

3. бөлім: «Сәнді киім» Арулар аналарымен бірге дайындаған сәнді көйлектерін киіп шығады.

4. «Сұрақ - жауап» бұл бөлімде аруларымыз билет алу арқылы сұрақтарға жауап береді.

Жүргізуші:

Ақылдылық қыздарға жарасады,
Көзі ашыкпен бәрі де санасады.
Келесі сұрақ – жауап сайысында
Сыналар білімі мен парасаты – дей отырып, аруларымызды сұрақ – жауап кезеңіне шақырамыз.

Ана – біздің жарқыраған нұрымыз,
Ана - деген – бұл өмірдің сәні ғой.
Ән - жырымен дүниені тербеген,
Ана деген бұл өмірдің жаны ғой.

Жүргізуші:

Құрметті көрермендер! Бүгінгі «Кішкентай ханшайым» 2024 байқауы өз мәресіне жетті. Өрқашанда құшақтарыңыз гүлге, көңілдеріңіз шаттыққа толы болсын, - дей отырып бүгінгі кешімізді аяқтаймыз.

Сынала: Біздің білім парасаты – дей отырып, аруларымызды сұрақ – жауап кезеңіне шақырамыз.

Ана – біздің жарқыраған нұрымыз,
Ана - деген – бұл өмірдің сәні ғой.
Ән - жырымен дүниені тербеген,
Ана деген бұл өмірдің жаны ғой.

Жүргізуші:

Құрметті көрермендер! Бүгінгі «Кішкентай ханшайым» 2024 байқауы өз мәресіне жетті. Өрқашанда құшақтарыңыз гүлге, көңілдеріңіз шаттыққа толы болсын, - дей отырып бүгінгі кешімізді аяқтаймыз.

